

**"Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы" АҚ Қарағанды филиалы мен Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті арасында оқу-ғылыми-өндірістік кешен құру туралы келісім**

"Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы" АҚ Қарағанды филиалы, директор Жунусбеков Түсіпбек Қалымұлы, 07.12.2015 ж. № 107 сенімхат негізінде әрекет ететін, бір жағынан, және Қазтұтынуодағының Қарағанды экономикалық университеті, университет ректоры э.ғ.д., профессор Аймағамбетов Еркара Балқараұлы, Жарғы негізінде әрекет ететін, екінші жағынан, бұдан әрі "Тараптар", ал жеке-жеке "Тарап" деп аталатын, оқу, оқу-әдістемелік, оқу-өндірістік, ғылыми-зерттеу, сараптау-талдау қызметі, сондай-ақ стандарттау және сертификаттау, азық-түлік өнімдерінің технологиясы саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру саласындағы екіжақты қатынастарды дамытуға өзара мүдделілікті ескере отырып, Тараптардың кәсіби және ғылыми әлеуетін, оқу, ғылыми және өндірістік қуаттарын толық және ұтымды пайдалануға ұмтыла отырып, төмендегілер туралы бірлесіп келісті:

### **1. Келісімнің мәні**

Тараптар білім беру, ғылым және өндіріс интеграциясының нысаны ретінде оқу-ғылыми-өндірістік кешен құрайды және ғылыми, әдіснамалық, ақпараттық, талдамалық, сараптамалық қызмет, сондай-ақ стандарттау және сертификаттау, азық-түлік өнімдерінің технологиясы саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру саласындағы қызмет саласында ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Тараптар осы Шарттың ережелерін барынша толық және тиімді іске асыру және Тараптар арасында өзара тиімді әріптестік қатынастарды орнату үшін күш-жігерді біріктіруге өзінің дайындығын білдіреді.

Осы Келісім Тараптардың ынтымақтастығының басты бағыттары мен нысандарын айқындайды, өзара іс-қимыл жасау, оқу процесін бірлесіп ұйымдастыру, оқу-әдістемелік, оқу-өндірістік, ғылыми-зерттеу, сараптамалық-талдау жұмыстарын жүргізу, құжаттарды (әдістемелер, қорытындылар, жарияланымдар және т.б.) дайындау үшін, сондай-ақ бірлескен жобаларды іске асыру үшін база болып табылады. Қажет болған жағдайда, нақты бірлескен жобалар мен жұмыстарды іске асыруды Тараптар дербес шарттар негізінде жүзеге асырады.

### **2. Ынтымақтастық бағыттары**

Тараптар арасындағы ынтымақтастық мынадай бағыттарды қамтитын болады:

- оқу қызметі;

- оқу-әдістемелік қызмет;
- оқу-өндірістік қызмет;
- ғылыми-зерттеу қызметі;
- сараптамалық-талдау қызметі;
- стандарттау және сертификаттау, азық-түлік өнімдерінің технологиясы саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру саласындағы қызмет.

Ынтымақтастық бағыттарының тізбесі Тараптар арасындағы келісім бойынша толықтырылуы және нақтылануы мүмкін.

### **3. Ынтымақтастық нысандары**

Осы Келісім шеңберіндегі Тараптардың ынтымақтастығы мынадай нысандарда іске асырылуы мүмкін:

- "Стандарттау және сертификаттау" және "азық-түлік өнімдерінің технологиясы" мамандықтары бойынша модульдік білім беру бағдарламаларын жобалауға немесе рецензиялауға практикалық қызметкерлердің қатысуы (бакалавриат және магистратура);
- дәріс оқу, практикалық және зертханалық сабақтар өткізу үшін практикалық қызметкерлерді оқу процесіне тарту;
- тараптардың зертханаларында, бөлімдерінде, секторларында және басқа да бөлімшелерінде оқу процесін ұйымдастыру (келісім бойынша);
- кәсіпорында оқу зертханаларын құру (келісім бойынша);
- тәжірибелі маман-практиктер тарапынан студенттер мен магистранттардың тәлімгерлерінің қоғамдық институтын дамыту;
- бірлескен зерттеулерді, бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру;
- оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін енгізуге жәрдемдесу;
- стандарттау және сертификаттау, азық-түлік өнімдерінің технологиясын дамытудың өзекті мәселелері бойынша сараптамалық қорытындылар дайындау;
- ақпаратпен, құжаттармен, әдебиеттермен және библиографиялық басылымдармен өзара тиімді алмасуды ұйымдастыру (келісім бойынша), сондай-ақ өзара консультациялар өткізу;
- стандарттау және сертификаттау, азық-түлік өнімдерінің технологиясы саласында мамандар даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға өзара жәрдемдесу;
- стандарттау және сертификаттау, азық-түлік өнімдерінің технологиясы саласында бірлескен ғылыми, оқу және ақпараттық-талдау басылымдарын (монографиялар, оқулықтар, құралдар, баяндамалар, мақалалар) дайындау;
- өзара қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша бірлескен ғылыми симпозиумдар, семинарлар, конференциялар, кеңестер, дөңгелек үстелдер, мастер-класстар және басқа да іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;
- Тараптар қызметкерлерінің біліктілігін өзара арттыруды жүзеге асыру;

- студенттер мен магистранттарға келісілген тақырып бойынша курстық, дипломдық жұмыстарды және магистрлік диссертацияларды орындау үшін практикалық материалдарды жинауға көмек көрсету;
  - студенттердің дипломдық жұмыстарына басшылық жасау, рецензиялау (келісім бойынша);
  - жарияланымдар мен ғылыми-әдістемелік жұмыстарды өзара рецензиялауды жүзеге асыру;
  - студенттердің, магистранттардың кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу;
  - түлектерді жұмысқа орналастыру мәселелерін талқылау;
  - Тараптардың оқыту іс-шараларын өткізу үшін қызметкерлерді өзара ұсыну;
  - тараптар өкілдерінің тараптардың құрылатын алқалы, консультативтік-кеңесші ғылыми органдарына қатысуы;
  - Тараптар қызметкерлерінің тәжірибе алмасу, кездесулер және оқыту семинарларын, тренингтерін, тағылымдамаларын ұйымдастыру.
- Тараптардың ынтымақтастығы осы Келісімді іске асыруды қамтамасыз ететін өзге де келісілген нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін.

#### **4. Ынтымақтастықты ұйымдастыру**

Осы Келісімді орындау жөніндегі өзара іс-қимылды үйлестіру үшін Тараптар өкілдерінен жұмыс тобын қалыптастыра алады.

Ынтымақтастықтың жекелеген бағыттарын (жұмыстарды, жобаларды) іске асыру үшін Тараптар белгіленген тәртіппен жекелеген шарттар (келісімдер) жасасуға мүмкіндіктері бар.

Тараптар жылына кемінде бір рет осы Келісімнің орындалуын талқылау, қажет болған жағдайда оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін тараптар өкілдерінің кездесулерін өткізуге келісті.

#### **5. Тараптардың міндеттемелері**

Тараптар осы Келісім бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауда бір-біріне барынша жәрдем көрсетуге ұмтылатын болады.

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың жұмыстар мен зерттеулерді өз бетінше орындау жөніндегі құқықтарына қысым жасайтын осы Келісімде санамаланған бағыттар бойынша жобаларды іске асыру ретінде қаралмайды.

Осы Келісімді орындау мақсатында Тараптар тиісті қаржылық мүмкіндіктерге сүйене отырып, келесі жылға арналған өзінің нақты ынтымақтастық жобаларын жыл сайын келісетін болады.

#### **6. Дауларды шешу**

Осы Келісімнің ережелерін орындауға байланысты туындайтын Тараптар арасындағы келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешілуге тиіс.

## 7. Қорытынды ережелер

Осы Келісім оған тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және белгісіз мерзім ішінде қолданылады.

Келісім Тараптардың өзара келісімімен өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін. Осы Келісімге толықтырулар мен өзгерістер жазбаша нысанда (екі данада) жасалады және оған тараптар қол қояды.

Осы Келісім Тараптардың бірінің бастамасы бойынша келісімді бұзудың болжамды күніне дейін 45 күнтізбелік күннен кешіктірмей екінші Тарапты жазбаша хабардар ету жолымен бұзылуы мүмкін.

Келісімнің қолданылуын тоқтату оны іске асыру мақсатында Тараптар жасасқан шарттарды (келісімдерді) бұзу үшін негіз болып табылмайды.

## 8. Тараптардың заңды мекен-жайлары

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті  
100009, Қарағанды қ.,  
Академическая көш., 9  
Тел.: 8 (7212) 44-16-34  
Университет ректоры, э.ғ.д.,  
профессор Е.Б. Аймагамбетов

"Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы" АҚ Қарағанды филиалы  
100009, Караганда қ.,  
Анжерская көш., 22/2  
Тел.: 8(7212) 94-00-70

Директор Т.К. Жунусбеков

